

FTAXP 06.71.07
ЭОЖ 332.145

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2021-1-4-93-102>

А.А. ПЯГАЙ,*¹

э.ғ.д., профессор.

e-mail: pyagay72@mail.ru

С.С. ШИНТАЕВА,²

докторант.

e-mail: saveliya13@mail.ru

¹С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

²«Туран-Астана» университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛДЫҚ АЙМАҚТАРЫНЫҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК НАРЫҒЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ, МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН РЕЗЕРВТЕРІ

Андатпа

Мақалада республиканың өңірлері бойынша ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлік өндірісін дамытуды мемлекеттік реттеу шараларының жүйесі талданған. Аталған зерттеудің мақсаты-экспортқа бағдарланған ауыл шаруашылығы өнімі өндірісінің экономикалық құрамдас бөліктерін жүйелеу бойынша ұсыныстар әзірлеу және экспортқа бағдарланған ауыл шаруашылығы өнімі өндірісінің тиімділігіне мемлекеттік қолдаудың әсер ету деңгейін бағалау. Авторлар экспортқа бағдарланған ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлік өндірісін мемлекеттік қолдау тиімділігінің көрсеткіштер жүйесіне, сондай-ақ Қазақстанның ауылдық өңірлерінің азық-түлік нарығын дамыту қорларына бағалау жүргізді. Зерттеу көрсеткендей, ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту үшін Қазақстанның халықтың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, экспортты ұлғайтуға және импортты қысқартуға мүмкіндік беретін айтарлықтай ресурстық әлеуеті (жер, еңбек және материалдық-техникалық) бар. Ол үшін республика өңірлерінің стратегиялық дамуын ескере отырып, ең алдымен экспортқа бағдарланған өнім мен азық-түлікті өндіруді мемлекеттік қаржылық қолдаудың нысандары мен әдістерін жетілдіру қажет. Экономиканың аграрлық секторын өңірлік мемлекеттік қолдау тиімділігінің көрсеткіштері келесі түрде сипатталады: жалпы өндіріспен, түсіммен, пайдамен, рентабельділік деңгейімен, қаржылық тұрақтылығымен, еңбек өнімділігімен. Мемлекеттік қолдау қаражатын бөлудің әдістемелік тәсілдерін қарастыра отырып, агроөнеркәсіптік кешенді бюджетаралық реттеудің үш негізгі бағыты келесі әдісті қолдана отырып болжанады: жан басына шаққандағы, есептік қаржылық алшақтықты жабу, бюджеттік қауіпсіздікті теңестіру. Өсімдік шаруашылығында (гектар бойынша) 1 га егістікке субсидиялау 2018 ж. бастап, ал малдың өнімділігін субсидиялау 2020 ж. бастап тоқтатылды.

Тірек сөздер: азық-түлік нарығы, ауылдық өңірлер, ауыл шаруашылығы өнімдері, аграрлық өндіріс, ауыл шаруашылығы, инвестициялар.

Кіріспе

Еліміздің басты нормативтік құжаты «Қазақстан–2050» Стратегиясы болып табылады, мұнда ауылшаруашылық өнімдері мен азық-түлікке деген сұранысын ескере отырып, ауылшаруашылық саланы одан әрі жаңғырту көзделеді.

Бұл саланы ауылдық аймақтар шеңберінде аумақтық шаруашылық және оның шаруашылық принципі бойынша тұрғызудағы қоғамдық мүдделер саласының қатысуымен тығыз байланысты басқару жүйесін дамыту талап етіледі [1].

Тұрақты дамудың негізгі мақсаттары – өнім өндіру, өндірістік қызмет көрсету, өндірістік қызметтің барлық салаларында инновациялық дамуды қамтамасыз ету. Өндірістік қызметті басқару тиімділігін бағалаудың маңызды критерийлері – экономикалық нәтижелер: табыс, рентабельділік және т.б.

Негізгі ережелер

Экономика салаларының аймақтарда орналасуын бағалаудың маңызды критерийлерінің бірі – олардың экономикалық тиімділігінің көрсеткіші: ресурстардың ең төменгі шығынымен өнімдердің жоспарлы көлемін алу.

Өндірістерді орналастыру тиімділігінің көрсеткіштері – өнімнің тұтынушыға жеткізілуін ескере отырып, өнімнің өзіндік құны, қуат бірлігіне шаққандағы нақты капиталдық салымдар, рентаның пайдасы мен оны ұлғайту перспективалары.

Бұл көрсеткіштермен қатар, аймақтағы әрбір сала үшін оны орналастырудың техникалық-экономикалық көрсеткіштер жүйесі әзірленуі тиіс және басқарудың нақты құралдары мен формаларын қолдана отырып ресурстарды үнемді пайдалану жолдары анықталуы керек. Бұл жүйе қамтуы тиіс:

- ◆ шикізаттың негізгі түрлерінің, отынның, энергияның, судың өнім бірлігіне шаққандағы үлестік шығындарды бағалау;

- ◆ өнім бірлігіне шаққандағы өндірістік қалдықтарды шығару және қалдықсыз пайдалану әдістері;

- ◆ негізгі қорлардың үлестік шығындары және олардың ғылыми-техникалық прогреске сәйкестік деңгейі;

- ◆ экономикалық процестерді ең тиімді басқару жолдарын іздеу [2].

Аймақтың тұрақты даму қорларын бағалаудағы маңызды орынды экономикалық сипаттамалар алады. Ол үшін бір-бірімен біртекті технологиялық тізбектер және соңғы өнімді өңдеу, жасап шығару мен сатудың барлық кезеңдеріне дейін жеткізілетін, бастапқы қорды өндіру, шығарып алу сияқты технологиялық құрылысты ұйымдастырушы өндірістер реттілігі арқылы байланысқан техникалық түйіндескен өндірістердің топтарын бөліп алу қажет [3].

Материалдар мен әдістер

Ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту үшін қаржы жүйесін жетілдіру қажет. Қаржыландырудың негізгі көздері меншікті қаражат (пайда, амортизациялық аударымдар), мемлекеттік бюджет, аралас инвестициялар (мемлекеттік, жеке: отандық және шетелдік компаниялар, коммерциялық банктер) болуы мүмкін.

Ауыл шаруашылығына салынған инвестициялардың жеткіліктілік критерийі дегеніміз – салааралық аймақтық деңгейде капиталдың табыстылығы мен еңбек ресурстарын (еңбекақы төлеу) пайдалану бағасының мөлшерінде өнім өндірудің тұрақты өсуін қамтамасыз етуші ресурстар көлемі.

Мемлекеттің функциясы икемді экономикалық саясат жүргізу (салықтық, несиелік, амортизациялық, кедендік және т.б.), несие нарығында өндіріс құралдарының қозғалысын бақылау, мемлекеттік бағалы қағаздардың пайыздық мөлшерлемесін басқару және т.б. арқылы инвестициялық процесті реттеу болып табылады. Нарықтық экономикасы дамыған елдердің ауыл шаруашылығы негізгі капиталының инвестициялар құрылымындағы меншікті қаражаттың үлес салмағы 65–70% құрайтындығын көрсетеді (оның ішінде 40–45% – пайда және 25–30% – амортизациялық аударымдар) [4].

Әдістемелік тәсілдемелер негізінде мемлекеттік көмекті мақсатты пайдалануға, делдалдық банк қызметтерімен байланысты шығындарды азайтуға, тауар өндірушілері мен бір-бірімен байланысты салалардың кәсіпорындарынан бос қаражат тартуға мүмкіндік беретін ауылшаруашылық несие жүйесін қалыптастыру қажет. Ол үшін несие төлеудің жеңілдетілген шарттарымен мемлекеттік несиелендіру жүйесін қарастыратын ауылшаруашылық несиелер бойынша арнайы бағдарламалар әзірлеу ұсынылады.

Осы мақсатта несие ресурстарын тиімдірек пайдалануға мүмкіндік беретін жеңілдетілген қысқа және ұзақ мерзімдік несиелендірудің арнайы мемлекеттік қорларын, ауылшаруашылық өнімдерінің тауар өндірушілерінің ипотекалық және лизингтік қорларын құру ұсынылады.

Сонымен бірге ауылшаруашылық өнімді өндіру және ұқсатуды дамытудағы барлық технологиялық шығындар бойынша коммерциялық құрылымдарды пайызсыз несиелендіру жүйесін енгізу қажет.

Нәтижелер

Ауылшаруашылық құралымдар қызметін талдау барысында, олардың асыл тұқымды табын сатып алудағы төлемді дереу және толығымен төлейтін немесе кепілдік мүлікті талап етуші коммерциялық банктерден қымбат бағадағы несиелер алуға қабілеттерінің жетпейтінін көрсетті. Бұл мақсатта асыл тұқымды мал сатып алудың шарттары мен тәртіптерін лизингтік негізде заңнамалы түрде бекітілуі керек.

Лизингтік қызметтерді ескере отырып, асыл тұқымды малды сатып алуды басқарудың келесі механизмі ұсынылады – несиелік ресурстар үшін лизингтік компанияның алатын 6%-ын субсидиялау, оның сатып алу құнын төмендетуге мүмкіндік беру үшін ҚҚС пен сақтандыру төлемдерін алып тастау.

Агроөнеркәсіптік кешеннің (АӨК) басым бағыттары бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің қол жетімділігін арттыру мақсатында, капитал сыйымдылығын төмендету мен салынған инвестициялар қайтарымын арттыру көмегімен АӨК субъектілерінің инвестициялық салымдарға жұмсаған шығынның бір бөлігін қайтаруды субсидиялау бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Инвестициялық субсидиялау құралы құрылыс-монтаждау жұмыстарына, техника мен жабдықтарға жұмсалған инвестициялық шығындарды ішінара өтеуге (20%-дан 80%-ға дейін) бағытталған.

Бюджет қаражатының негізгі көлемін (41%) жыл сайын ауылшаруашылық техниканы субсидиялауға – 49 млрд теңге, мал шаруашылығына – 36 млрд теңге (30%) және өсімдік шаруашылығына – 16% (19 млрд теңге), ұқсатуға 11%-ды – 16 млрд теңгені бағыттау қарастырылған.

Қазақстанның барлық аймақтары бойынша көктемгі егіс және астық жинау жұмыстарын ұйымдастыру үшін жеңілдетілген несиелердің жалпы сомасы 682,6 млрд теңгені құрайды, оның ішінде тұқым үшін – 228,9 млрд теңге (33,5%), жанар-жағармай материалдарына – 124,2 млрд теңге (18,2%), минералды тыңайтқыштарға – 180,9 млрд теңге (26,5%), гербицидтер мен улы химикаттарға – 148,5 млрд теңге (21,8%).

Республикалық бюджетте қарастырылған несиенің бөлінген несиелер үшін 41,4 млрд теңге сомасына субсидиялар беру көзделеді, оның ішінде тұқым үшін – 12,6 млрд теңге (30,4%), жанар-жағармай материалдарына – 8 млрд теңге (19,3%), минералды тыңайтқыштарға – 12,8 млрд теңге (30,9%), гербицидтер мен улы химикаттарға – 8,1 млрд теңге (19,4%). Көктемгі егіс және астық жинау жұмыстарын ұйымдастыру кезеңінде дәнді дақылдарды егу үшін жалпы мөлшері 56,2% жеңілдетілген несиелер, 58% субсидиялар бөлінеді; астық жүгерісі үшін: жеңілдетілген несиелер – 2,2%, субсидиялар – 2,6%; күріш үшін: жеңілдетілген несиелер – 2,4% және субсидиялар – 2,6%; картоп үшін: сәйкесінше 7,7% және 4,3%; көкөністер үшін: 6,1% және 6,4% [5].

Көктемгі егіс және астық жинау жұмыстарын ұйымдастыру үшін жеңілдетілген несиелердің жалпы мөлшердегі үлес салмағы Ақмола облысы бойынша 19,5%, субсидиялар – 20% құрайды, сәйкесінше Ақтөбе – 2,8% және 2,6%; Алматы – 7,9% және 7,5%; Батыс Қазақстан – 1,7% және 1,7%; Жамбыл – 4,2% және 4,3%; Қарағанды – 4,7% және 2,8%; Қостанай – 18,7% және 19,5%; Павлодар – 5,1% және 5,2%; Солтүстік Қазақстан – 15,3% және 15%; Түркістан – 10,1% және 10,3%; Шығыс Қазақстан – 5,7 және 5,4%.

Тұқым үшін жеңілдетілген несиелендіру жоғары репродукциялы тұқымдарды өндіруді 2021 ж. 2019 жылға қарағанда 2 есеге арттыруға мүмкіндік береді, оның ішінде Ақмола облысы бойынша – 13%-ға, Ақтөбе – 2,6 есе, Алматы – 10,7%, Батыс Қазақстан – 2,6 есе, Жамбыл – 20,6%, Қарағанды – 32,5%, Қостанай – 3,7 есе, Қызылорда – 4 есе, Түркістан – 1,8 есе, Павлодар – 37%, Солтүстік Қазақстан – 1,7 есе, Шығыс Қазақстан – 2,4 есе.

Минералды тыңайтқыштарды енгізу көлемі 2021 ж. 2019 ж. салыстырғанда Қазақстан бойынша 33%-ға ұлғаяды, оның ішінде Ақмола облысы бойынша – 14%-ға, Ақтөбе – 86%-ға, Алматы – 63%-ға, Жамбыл – 70%-ға, Қостанай – 2,6 есе, Қызылорда – 33%-ға, Түркістан – 34,4%-ға, Солтүстік Қазақстан – 18%-ға.

2021 ж. арамшөптермен күресу үшін гербицидтермен өңделген аудан Қазақстан бойынша 16,2 млн га болады, оның ішінде Ақмола облысының үлесі – 33,6%, Қостанай облысында – 30,4%, Солтүстік Қазақстан облысында – 21,5%.

Атап өткен және басқа да ұйымдастырушы-экономикалық және технологиялық шаралар негізгі ауылшаруашылық дақылдардың және ең алдымен, экспортталушы дақылдардың өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Өрараптандыруды, тыңайған жерлерді игеруді және бос қалған жарамсыз жерлерді қолдануды ескеретін болсақ, 2021 ж. егістік алқаптары дәнді дақылдары мен дәнді-бұршақты дақылдары үшін Қазақстан бойынша 13,3 млн га құрайды, астық жүгерісі 23,5%-ға (184 мың га) ұлғаяды, майлы дақылдар – 8,3%-ға және 3 млн га; қант қызылшасы – 88,2%-ға және 32 мың га, және де олардың барлығы 2021 ж. ауылшаруашылық жануарларды шүйгін азықпен қамтамасыз етеді.

Малдың ірі азықпен қамтамасыз етілуі Қазақстан бойынша 112%-ды құрайды, оның ішінде Ақмола облысы бойынша – 105%, Алматы – 106%, Ақтөбе – 117%, Батыс Қазақстан – 120%, Қарағанды – 118%, Қостанай – 125%, Түркістан – 120%, Солтүстік Қазақстан – 111%.

Тұқымдық мал мен құстың үлесі Қазақстан бойынша келесі көрсеткіштерді құрайды: ірі қара – 16,9%-ды және 2019 ж. салыстырғанда 5,9%-ға артады, қой – 17,7%-ды құрайды және 3%-ға артады; құс – 31,2%-ды құрайды және 12,7%-ға артады, түйе – 18,1%-ды құрайды және 5,4%-ға артады.

Қарқынды технологияларды енгізу, өнімділікті арттыру, мал мен құс санының өсуі мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2022 ж. еттің барлық түрін өндіру мөлшері (таза салмақта) 1258 мың тоннаға жетеді, оның ішінде сиыр еті – 516 мың тонна (41%), шошқа еті – 133 мың тонна (10,6%), қой еті – 144 мың тонна (14,1%), құс еті – 298 мың тонна (23,7%) және жылқы еті – 134 мың тонна (18,6%).

Еттің барлық түрін өндіру мөлшері 2022 ж. 2019 ж. салыстырғанда 27,1%-ға ұлғаяды, оның ішінде сиыр еті – 15%-ға, шошқа еті – 44,5%-ға, қой еті – 17,2%-ға, құс еті – 66,5%-ға, жылқы еті – 14,5%-ға.

Еттің барлық түрін өндірудің жалпы мөлшері Солтүстік өңір бойынша 331 мың тонна, таза салмағы – 26,3%-ды құрайды, Батыста – 167 мың тонна және 13,3%, Оңтүстікте – 478 мың тонна және 37%, Орталық және Шығыста – 282 мың тонна және 22,4%.

Сүт өндірісінің мөлшері 6079 мың тоннаға жетеді, оның ішінде Солтүстік өңір бойынша – 30%, Батыста – 10,8%, Оңтүстікте – 34,9%, Орталық және Шығыста – 24,1%; жұмыртқа: таза салмағы бойынша Солтүстік өңірде – 47,9%, Батыста – 9,2%, Оңтүстікте – 27,4%, Орталық және Шығыста – 15,6%; жүн: Солтүстік өңірде – 8,1%, Батыста – 16,5%, Оңтүстікте – 59,6%, Орталық және Шығыста – 15,8%.

Демек, 2022 ж. Қазақстан бойынша ет өндіру 1258 мың тонна көлемінде болжануда және халықтың азық-түлік өнімдері мен қажеттіліктерін 119% қамтамасыз етеді, оның ішінде Солтүстік өңір бойынша – 164%-ға, Батыста – 84%-ға, Оңтүстікте – 101%-ға, Орталық және Шығыста – 148%-ға. Алматы, Нұр-Сұлтан қалалары мен Батыс өңірі халқының қажеттіліктері Солтүстік, Орталық және Шығыс өңірлерінен үлестіру есебінен орны толтырылады.

Жалпы, сүт өндірісі Қазақстан бойынша және Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларын қоса алғанда барлық өңірлер бойынша қажеттілікті қанағаттандырады; жұмыртқа қажеттілігі де Қазақстан бойынша толық қамтылуда; өсімдік майының қажеттілігі меншікті өндіріс есебінен қамтамасыз етіледі; көкөністер мен картоп қажеттіліктері де меншікті өндіріс арқылы қамтамасыздандырылады. Атап айтқанда, жеміс-жидек дақылдары және жүзіммен қамтамасыздандыру жалпы Қазақстан бойынша тек 36%-ын ғана қанағаттандырады, оның ішінде Солтүстік өңір бойынша – 8%-ға, Батыста – 4%-ға, Оңтүстікте – 61%-ға, Орталық және Шығыста – 11%-ға.

Талдау көрсетіп отырғандай, ауылшаруашылық өнімдерді өндіру және дайын өнімді шығару ұлғайған сайын экспорт та ұлғайды. Сонымен, 2019 жылы 2016 жылмен салыстырғанда ауылшаруашылық өнім экспортының көлемі 16,8%-ға артты, оның ішінде өсімдік шаруашылығының өнімдері – 14,5%-ға, мал шаруашылығының өнімдері – 54,8%-ға, дайын өнімді шығару (азық-түлік) – 19,0%-ға, жалпы – 16,8%-ға.

Есептеулер көрсетіп отырғандай, 2022 жылы 2019 ж. салыстырғанда ауылшаруашылық өнімдері мен азық-түлік экспортының көлемі 31,2%-ға ұлғаяды, оның ішінде азық-түлік бойынша – 51%-ға және өнімдер бойынша – 31,2%-ға. Мұндай жағдай өнімдердің импортын 9,5%-ға азайтуға мүмкіндік береді, яғни 2022 ж. экспорт 1963 млн АҚШ долларына импорттан арта түседі (1-кесте, б. 97).

Кесте 1 – Қазақстан бойынша ауылшаруашылық өнімдері мен азық-түлік экспорты және импортының динамикасы

Көрсеткіш	2016 ж. нақты	2017 ж. нақты	2018 ж. нақты	2019 ж. нақты	2022 ж. болжам
Өнімдер экспортының көлемі, барлығы:	1082	1167	1192	1899	2288
оның ішінде жеке өнімдер бойынша:					
- өсімдік шаруашылығы	1020	1109	1124	1790	1970
- мал шаруашылығы	62	58	68	109	318
Дайын өнімді шығару	945	978	1081	1125	1700
Барлығы	2027	2145	2273	3024	3988
Импорт көлемі	2726	2596	2495	2131	2025
Ескертпе – Зерттеу мәліметтерінен құрастырылды.					

2022 ж. ауылшаруашылық дайын өнімдерді экспорттау 1700 млн АҚШ долларын құрайтын болады, оның ішінде таза салмақтағы ұн – 17,4%, ет – 22,3%, мақта талшығы – 8,3%, өсімдік майы – 8,7%, басқалары – 19,6%, күнжара және басқа да қатты қалдықтар – 4,3%, балық сүбесі – 3,7%.

2022 ж. 2019 жылмен салыстырғанда ауылшаруашылық өнімдер мен азық-түлік экспортының көлемі 1961 млн АҚШ долларына ұлғаяды, оның ішінде астық бойынша – 985 млн АҚШ долларына, өсімдік майы – 250 млн АҚШ долларына, тұқым майлары – 185 млн АҚШ долларына, сиыр еті – 140 млн. АҚШ долларына, ұн – 155 млн АҚШ долларына, және басқа да өнімдер бойынша – 216 млн АҚШ долларына [6].

Ауылшаруашылық өндірісінің дамуы үшін, ең алдымен, экспортқа бағытталған өнімдер үшін негізгі капиталдың инвестициялар көлемі ұлғаюда.

2019 ж. бойынша инвестициялар 482,8 млрд теңгені құрады, бұл көрсеткіш 2018 жылмен салыстырғанда 42,3 млрд теңгеге (9,6%-ға) жоғары болып, 2018 жылмен салыстырғанда инвестициялардың өсімі Солтүстік өңір бойынша 7,8%-ға төмендесе, Батыс өңірі бойынша – 9,3 млрд теңгеге (35,6%-ға), Оңтүстік бойынша – 34,1 млрд теңгеге (23,1%-ға), Орталық және Шығыс бойынша – 17,2 млрд теңгеге (52,2%-ға) өсті (2-кесте).

Кесте 2 – Қазақстан өңірлері бойынша АӨК негізгі капиталға инвестициялар

Өңір	2018 ж.		2019 ж.		2019 ж. салыстырмалы 2018 ж. (+,-)	
	млрд. теңге	%	млрд. теңге	%	млрд. теңге	%
Солтүстік	234,1	53,1	215,8	44,7	-18,3	-7,8
Батыс	26,1	5,9	35,4	7,3	9,3	35,6
Оңтүстік	147,4	33,5	181,5	37,6	34,1	23,1
Орталық және Шығыс	32,9	7,5	50,1	10,4	17,2	52,2
Барлығы	440,5	100	482,8	100	42,3	9,6
Ескертпе – ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеттің мәліметтері бойынша дайындалған, 2019 ж.						

Аграрлық сектордағы инвестициялар механизмін аймақтар бойынша жетілдіру ауылшаруашылық өндірісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді (шығындар өтелімділігі өсті) және мамандандыру мен шоғырлануды ескергенде, өндіріс көлемі ұлғайтылды.

Өндіріс тиімділігінің ұлғайтылуына (ауылшаруашылық өнімнің өзіндік құнын төмендету және рентабельділік деңгейін арттыру) субсидиялар айтарлықтай әсер етті.

2019 ж. ауылшаруашылық өндірісті дамытуға 287 млрд теңге субсидиялар бөлінді, оның ішінде өсімдік шаруашылығына – 122 млрд теңге (42,5%), мал шаруашылығына – 67 млрд теңге (23,3%).

Егін салу және жинау жұмыстарын ұйымдастыруға арналған несиенің үлес салмағы субсидиялардың жалпы көлемінде 49,2%, минералды тыңайтқыштар үшін – 18%, гербицидтер үшін – 17,2% құрады.

2019 ж. Қазақстандағы мал шаруашылығына бөлінген субсидия көлемі 33,8 млрд теңгені құрады, және де 2018 жылмен салыстырғанда тек 2%-ға азайды; келесі облыстар бойынша өсті: Ақтөбе – 4%-ға, Алматы – 16%-ға, Қостанай – 13%-ға, Қызылорда – 59%-ға, Солтүстік Қазақстан – 53%-ға, Түркістан – 2%-ға, келесі облыстар бойынша азайды: Атырау – 57%-ға, Шығыс Қазақстан – 37%-ға, Қарағанды – 20%-ға, Маңғыстау – 38%-ға, Павлодар – 24%-ға.

2019 ж. Қазақстан бойынша тұқымал саласына бөлінген субсидиялардың орташа үлес салмағы 50,5%-ды құрады, оның ішінде Солтүстік өңірде – 58,4%, Батыс өңірінде – 38,5%, Оңтүстікте – 52,3%, Орталық және Шығыста – 41,7% (3-кесте).

Субсидияны ескергенде, жалпы көлемде 100 бастан жемдеуге қойылатын бұқалардың үлес салмағы етті мал шаруашылығындағы тірідей массасы 400-ден 450 кг-ға дейін болса, бір бас үшін 45 мың теңгеге субсидиялануы 39,3%-ды құрайды, 451 кг-нан 500 кг-ға дейін – бір бас үшін 40 мың теңге болғанда 17,6%-ды құрайды, 501-ден 550 кг-ға дейін – бір бас үшін 35 мың теңге болғанда 15,9%-ды құрайды, 551-ден 600 кг-ға дейін және одан жоғары – бір бас үшін 30 мың теңге болғанда 27,2%-ды құрайды.

Кесте 3 – Қазақстан өңірлері бойынша мал шаруашылығына бөлінген субсидиялар көлемі, 2019 ж.

Өңір	2018 ж.		2019 ж.	
	млрд. теңге	%	млрд. теңге	%
Солтүстік	8620	41,6	12057	58,4
Батыс	5533	61,5	3462	38,5
Оңтүстік	12476	47,7	13672	52,3
Орталық және Шығыс	6423	58,3	4595	41,7
Барлығы	33052	49,5	33786	50,5
Ескертпе – 2018–2019 жж. бойынша ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеттің мәліметтері бойынша дайындалған.				

2019 ж. бойынша Қазақстандағы сүт өндірісі құнының төмендеуі 6958 млн теңгені құрады, оның ішінде тоннасы үшін 25 мың теңге төленген жағдайда – 4924 млн теңге (70,8%), тоннасына 15 мың теңге болғанда – 1555 млн тонна (22,3%) және ауылшаруашылық кооперативтерге тоннасы үшін 10 мың теңге төлегенде – 478 млн теңге (6,9%) болды.

Құс етін өндіруге кеткен шығындар 7270 млн теңгеге төмендеді, оның ішінде бір тонна үшін 80 мың теңге мөлшерінде субсидия бөлінген жағдайда 4152 млн теңгені (57,1%) құрады, бір тонна үшін 70 мың теңге болғанда – 1064 млн теңге (14,6%), бір тонна үшін 60 мың теңге болғанда – 1221 млн теңге (16,8%), бір тонна үшін 50 мың теңге болғанда – 833 млн теңге (11,5%) болды.

Тағамдық жұмыртқаны өндірудің өзіндік құны субсидияландырудың есебінен 6025 млн теңгеге төмендеді, оның ішінде 3 мың данасын 1 мың теңгеден есептегенде 2008 млн теңгеге (33,3%), 1 мың үшін 2,7 мың теңге болғанда – 250 млн теңгеге (4,1%), 1 мың үшін 2,5 мың теңге болғанда – 2693 млн теңгеге (44,7%), 1 мың үшін 2 мың теңге болғанда – 369 млн теңгеге (6,5%).

Өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін 16,6 млрд теңге мөлшерінде бөлінген субсидиялар есебінен Қазақстан бойынша ауылшаруашылық өнімдерін өткізуден түскен жалпы пайданың көлемі 429,5 млрд теңгені құрады, оның ішінде өсімдік шаруашылығы өнімі – 335,5 млрд теңге (78,1%) және мал шаруашылығы 94 млрд теңге (21,9%). Солтүстік өңірі құрылымындағы 235,8 млрд теңгеге тең жалпы түсімнің 216,8 млрд теңгені (91,9%) өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы – 19 млрд теңгені (8,1%) құрады [7].

Жалпы пайда құрылымының Солтүстік өңір бойынша үлес салмағы 54,9%-ға тең, оның ішінде өсімдік шаруашылығы өнімі – 64,6%, мал шаруашылығы өнімі – 20,2%; Батыс өңірі бойынша сәйкесінше үлес салмақ 5,1%-ға тең, өсімдік шаруашылығы өнімі – 2,9%, мал шаруашылығы өнімі – 12,7%; Оңтүстікте – 28,4%, өсімдік шаруашылығы өнімі – 23,7%, мал шаруашылығы өнімі – 45,1%.

Әсіресе мал шаруашылығы өнімдерін өткізудің табыстылық деңгейі 36%-ға төмендеп, келесі көрсеткіште болар еді: ірі қара малдың еті – 16,8% (субсидиялар ескертілгенде – 26,2%); қой еті – сәйкесінше 24% және 37%; шошқа еті – 11% және 17,1%; жылқы еті – 24,0% және 37,5%; құс еті – 11,6% және 18,1%, сүт – 22% және 34%.

2019 ж. бойынша Қазақстан ауылшаруашылық өнімдері мен азық-түлікті 2400 млн АҚШ долларына экспорттады, бұл бағдарлама бойынша жоспарланған деңгейден 23%-ға жоғары, 2018 ж. – 26%-ға жоғары болды да, экспорттың өсу қарқыны 1,26 көрсеткішін құрады. Ауылшаруашылық өнімдері мен азық-түлікті экспорттау бойынша жоспарлық көрсеткіштер келесі аймақтар бойынша артығымен орындалды: Атырау облысы бойынша 98%-ға, Шығыс Қазақстан – 54%-ға, Батыс Қазақстан – 45%-ға, Ақтөбе – 33%-ға және Нұр-Сұлтан қаласы – 79%-ға. 2019 ж. бойынша экспорт көлемі өсімдік шаруашылығы өнімі бойынша 1168 млн АҚШ долларын, мал шаруашылығы – 96 млн АҚШ долларын, және жалпы алғанда 1264 млн АҚШ долларын құрады.

Экспорттық өнімді өткізу үшін 2557 кәсіпорын қатысты, оның ішінде өсімдік шаруашылығы бойынша – 539 кәсіпорын, мал шаруашылығы бойынша – 2019 кәсіпорын, оның ішінде Солтүстік өңір бойынша – 840 кәсіпорын (32,8%), Батыс өңірі бойынша – 592 (23,2%), Оңтүстік және Шығыс өңірлері бойынша – 482 кәсіпорын (18,9%).

Қазақстан бойынша бір кәсіпорынға шаққандағы ауылшаруашылық өнімдерінің экспорты 0,7 млн АҚШ долларын құрады, оның ішінде өсімдік шаруашылығы өнімдері – 3,3 млн АҚШ доллар, мал шаруашылығы өнімдері – 0,6 млн АҚШ доллар; сонымен бірге, Алматы қ. бойынша – 2,5 млн АҚШ доллар; Нұр-Сұлтан қ. бойынша – 1,1 млн АҚШ доллар; дайын өнімді жасап шығару бойынша: Алматы қ. – 5,5 млн АҚШ доллар; өсімдік шаруашылығы бойынша: Орталық және Шығыс өңірлері – 5,9 млн АҚШ доллар, Оңтүстік – 4,1 млн АҚШ доллар.

Сонымен, АӨК өнімдері экспортының негізгі көлемі бидайға (26,9%) және ұнға (14,7%), дайын өнімдерге – 66%, оның ішінде 39,2% – ұн, 9% – өсімдік майы, 9% – кондитерлік өнімдер, 4% – балық сүбесі, 6% – мақта талшығына келеді.

Астық экспорты бойынша негізгі аймақтарға Ақмола, Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстары жатады, ал дәстүрлі астық нарықтары Орталық Азия, Иран, Қытай, Ауғанстан болып табылады.

Майлы дақылдар Өзбекстан, ЕО, ҚХР, Моңғолия және Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Ақмола облыстары мен Алматы қаласына экспортталады.

Негізінен өсімдік майы Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларынан, Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстарынан ҚХР, Ресей Федерациясына, Тәжікстан мен Қырғызстанға жеткізіледі.

Қазақстан үшін ЕАЭО маңызды нарық болып табылады. Қытайға экспорт 258 млн АҚШ долларын құрады.

Иранға 329 млн АҚШ долларына, ал Түркияға 113 млн АҚШ долларына ауылшаруашылық өнімдері мен азық-түлік тауарлары экспортталады (кесте 4).

Кесте 4 – Қазақстан өңірлерінің шетелдерге ауылшаруашылық өнімдері мен азық-түлік тауарларының экспорты, 2019 ж., млн АҚШ доллары

Өңір	ЕАЭО	ЕО	ҚХР	Иран	Өзбекстан	Басқа елдер	Барлығы
Солтүстік	142,2	73,8	46,6	59,3	204,2	481,7	1007,8
Батыс	44,5	2,2	1,6	22,4	14,5	23,9	109,1
Оңтүстік	94,5	66,7	50,8	14,8	229,0	115,3	571,1
Орталық және Шығыс	68,1	54,2	41,5	27,1	83,8	90,5	365,2
Алматы қ.	118,8	77,1	–	72,9	75,3	188,3	532,4
Нұр-Сұлтан қ.	22,4	29,5	117,8	132,6	26,8	109,2	438,3
Барлығы	499,5	303,5	258,3	329,1	633,6	989,9	3023,9
Ескертпе – ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметтері бойынша дайындалған, 2020 ж.							

Экспортталушы ауылшаруашылық өнімдері мен азық-түлік тауарларының жалпы көлемдегі үлес салмағы ЕАЭО елдеріне – 16,6%, ЕО үшін – 10%, ҚХР – 8,5%, Иран – 10,9%, Өзбекстан – 21% және басқа елдерге – 33% құрады [8].

Талқылау

Қазақстандық ауылшаруашылық өнімдері үшін перспективалық нарықтар: ЕАЭО және ТМД елдері, Қытай, Парсы шығанағы елдері.

Ауылшаруашылық өнімдерін экспорттауда келесі түрдегі кедергілер кездеседі: жоғары импорттық баждар, жоғары техникалық кедергілер, стандарттардың айырмашылықтары.

Ішкі қажеттіліктерді азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін ауылшаруашылық өнімнің келесі түрлері қажет: құс еті, ет өнімдері, сүт өнімдері, балық, өсімдік майы, жеміс-көкөністер өнімдері, қант [9].

Ішкі тұтынуын меншікті өндірісімен толығымен қамтамасыз ете алатын өнімдең экспорттық әлеуеті ең жоғары болып табылады: сиыр еті, қой еті, шошқа еті, сондай-ақ сыртқы нарықта жоғары сұранысқа ие: астық, майлы дәнгер, картоп және олардың дайын өнімдері [10].

Ауылшаруашылық өнімдерін жасап шығару және азық-түлік өнеркәсібі салаларын дамыту, ішкі нарықты азық-түлік тауарларымен қанықтыру, мал шаруашылығының құрама жемге қажеттіліктерін қанағаттандыру және экспорттық әлеуетті іске асыру үшін өнімнің басым түрлерін өндіруге бағытталған.

Бәсекеге қабілетті экспортқа бағытталған өнімдер жасап шығаруға бағытталған ауылшаруашылық өнімдерін жасап шығару мен азық-түлік өнеркәсібі кәсіпорындарын салу мен жетілдіруде оларды заманауи жабдықтармен қамтамасыздандырудағы инвестициялық шығындарды да субсидиялау қажет.

Қорытынды

Мемлекеттік қолдаудың тиімділігін арттыру мақсатында субсидиялаудың нормативтері мен өлшемдерді қолдану ұсынылады.

Жаңа технологияларды ендіру, тұқым себуде жоғары сапалы тұқым материалын пайдалану, тыңайтқыштарды және өсімдіктерді қорғау құралдарын кеңінен пайдалану, өнімділігі жоғары техниканы иелікке алуды ынталандыру астық өнімділігін, шығарылатын өнім сапасын арттыруға және олардың өзіндік құнын төмендетуге бағытталатын болады. Бұл ұсынылып отырған шаралар қосылған құны жоғары өнімдер өндіруді, ең алдымен өсімдік майы мен қант импортының орнын басуға қол жеткізуге мүмкіндік береді [11].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Akhmetova K.A. et al. Problems of Food Market of Kazakhstan: Solution Approaches // Journal of Applied Economic Sciences. – 2018. – Т. 13. – № 8.
- 2 Tokbergenova A., Kiyassova L., Kairova S. Sustainable Development Agriculture in the Republic of Kazakhstan // Polish Journal of Environmental Studies. – 2018. – Т. 27. – № 5.
- 3 Федорович С.В. и др. Инфраструктурное развитие сельхозпродукции в Республике Казахстан // Экономика региона. – 2019. – Т. 15. – № 2.
- 4 Таможенный Кодекс Евразийского экономического союза. – М.: ЕЭК, 2017. – 465 с.
- 5 Закон № 197-VI «О республиканском бюджете Казахстана на 2019-2021 годы». – Астана, 2018. – 62 с.
- 6 Отчет о реализации Государственной программы развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2017–2021 гг. – Астана: МСХ РК, 2020. – 82 с.
- 7 План мероприятий по реализации Государственной программы развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2017–2021 гг. – Астана: МСХ РК, 2018. – 64 с.
- 8 Доступность рынков сбыта и развития экспорта. – Астана: МСХ РК, 2019. – 9 с.
- 9 О региональных особенностях экспорта продукции АПК по итогам 2019 г. – Астана: МСХ РК, 2020. – 65 с.
- 10 «О согласованных действиях государств-членов Евразийского экономического союза в области развития экспортного потенциала сельскохозяйственной продукции и продовольствия»: рекомендации. – М.: ЕЭК, утв. от 13 декабря 2016 г. – № 30. – 5 с.
- 11 АПК: новый драйвер экономики: рекомендация. – Астана: МСХ РК, 2019. – 40 с.

REFERENCES

- 1 Akhmetova K.A. et al. (2018) Problems of Food Market of Kazakhstan: Solution Approaches // Journal of Applied Economic Sciences. V. 13. No. 8.
- 2 Tokbergenova A., Kiyassova L., Kairova S. (2018) Sustainable Development Agriculture in the Republic of Kazakhstan // Polish Journal of Environmental Studies. V. 27. No. 5.
- 3 Fedorovich S.V. i dr. (2019) Infrastrukturnoe razvitie sel'hozprodukcii v Respublike Kazahstan // Jekonomika regiona. V. 15. No. 2.
- 4 Tamozhennyj Kodeks Evrazijskogo jekonomicheskogo sojuza. – M.: EJeK, 2017. 465 p.
- 5 Zakon № 197-VI «O respublikanskom bjudzhete Kazahstana na 2019-2021 gody». – Astana, 2018. 62 p.
- 6 Otchet o realizacii Gosudarstvennoj programmy razvitija agropromyshlennogo kompleksa Respubliki Kazahstan na 2017–2021 gg. Astana: MSH RK, 2020. 82 p.
- 7 Plan meroprijatij po realizacii Gosudarstvennoj programmy razvitija agropromyshlennogo kompleksa Respubliki Kazahstan na 2017–2021 gg. Astana: MSH RK, 2018. 64 p.
- 8 Dostupnost' rynkov sbyta i razvitija jeksporta. Astana: MSH RK, 2019. 9 p.
- 9 O regional'nyh osobennostjah jeksporta produkcii APK po itogam 2019 g. Astana: MSH RK, 2020. 65 p.
- 10 «O soglasovannyh dejstvijah gosudarstv-chlenov Evrazijskogo jekonomicheskogo sojuza v oblasti razvitija jekspornogo potenciala sel'skohozjajstvennoj produkcii i prodovol'stvija»: rekomendacii. M.: EJeK, utv. ot 13 dekabrja 2016 g. No. 30, 5 p.
- 11 APK: novyj drajver jekonomiki: rekomendacija. Astana: MSH RK, 2019. 40 p.

А.А. ПЯГАЙ,*¹

д.э.н., профессор

*e-mail: ryagay72@mail.ru

С.С. ШИНТАЕВА,²

докторант.

e-mail: saveliya13@mail.ru

¹Казахский агротехнический университет

им. С. Сейфуллина, Казахстан, г. Нур-Султан

²Университет «Туран-Астана», Казахстан, г. Нур-Султан

СОСТОЯНИЕ, ВОЗМОЖНОСТИ И РЕЗЕРВЫ ПРОДОВОЛЬСТВЕННОГО РЫНКА СЕЛЬСКИХ РЕГИОНОВ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В статье проанализирована система мер государственного регулирования развития производства сельскохозяйственной продукции и продовольствия по регионам республики. Цель данного исследования – разработка предложений по систематизации экономических составляющих производства экспортоориентированной сельскохозяйственной продукции и оценка уровня влияния государственной поддержки на эффективность производства экспортоориентированной сельскохозяйственной продукции. Авторами проведена оценка системы показателей эффективности государственной поддержки производства экспортоориентированной сельскохозяйственной продукции и продовольствия, а также резервы развития продовольственного рынка сельских регионов Казахстана. Исследование показывает, что для развития аграрного производства Казахстан располагает значительным ресурсным потенциалом (земельным, трудовым и материально-техническим), позволяющим обеспечить продовольственную безопасность населения, увеличить экспорт и сократить импорт. Для этого необходимо усовершенствование форм и методов государственной финансовой поддержки прежде всего экспортоориентированной продукции и продовольствия, с учетом стратегического развития регионов республики. Показатели эффективности региональной государственной поддержки аграрного сектора экономики характеризуются следующими: валовым производством, выручкой, прибылью, уровнем рентабельности, финансовой устойчивости, производительностью труда. Рассматривая методические подходы к распределению средств господдержки, предлагаются три принципиальных направления к межбюджетному регулированию АПК с использованием следующей методики: подушевая, покрытия расчетного финансового разрыва, выравнивания бюджетной обеспеченности. Субсидирование в растениеводстве (погектарное) на 1 га посева отменено в 2018 г., продуктивности животных – с 2020 г.

Ключевые слова: продовольственный рынок, сельские регионы, сельскохозяйственная продукция, аграрное производство, сельское хозяйство, инвестиции.

A.A. PYAGAY,*¹

d.e.s., professor.

*e-mail: pyagay72@mail.ru

S.S. SHINTAYEVA,²

PhD student.

e-mail: saveliya13@mail.ru

¹S. Seifullin Kazakh Agrotechnical
University, Kazakhstan, Nur-Sultan

²Turan-Astana University, Kazakhstan, Nur-Sultan

FOOD MARKET'S STATE, OPPORTUNITIES AND RESERVES OF THE KAZAKHSTAN RURAL REGIONS

Abstract

The article analyzes the state regulation measures system of the agricultural production and food development in the regions of the state. This research purpose is the development of proposals for the economic component's systematization of the production of export-oriented agricultural products and assessment of the state support level for the influence on the efficiency of the production of export-oriented agricultural products. The authors evaluated the efficiency indicators system of state support for the production's export-oriented agricultural products and food as well as reserves for the food market's development in rural regions of Kazakhstan. The research shows that for the agricultural production's development Kazakhstan has a significant resource potential (land, labor and material-technical), which allows to ensure the population's food security, increase exports and reduce imports. For this, it is necessary to improve the forms and methods of state financial support and, above all, export-oriented products and food, with considering republic regions strategic development. Efficiency indicators of the regional state support for the agricultural sector of the economy are characterized by the following: gross production, revenue, profit, level of profitability, financial stability, labor productivity. Considering the methodological approaches to the state support funds distribution, three principal directions for inter-budgetary regulation of the agro-industrial complex are suggested using the following methodology: per capita, covering the estimated financial gap, and equalizing budget provision. Subsidies in crop production (per hectare) for 1 ha of crops were canceled in 2018, and stock raising – from 2020.

Key words: food market, rural regions, agricultural products, agricultural production, agriculture, investment.